

Пайдалану бойынша нұсқаулық

LCD/LED мониторларына
арналған кронштейн
MV40-G01

DEXP

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімдерді таңдағаныңыз үшін рахмет.

Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Орнатуды және құрастыруды бастамас бұрын осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.

Сақтық шаралары

- Бұл өнім тек үй-жайларда пайдалануға арналған.
- Тірек беті барлық орнатылған жабдықтар мен құрамдастардың салмағына төтеп беретініне көз жеткізіңіз.
- Өнімді орнатуды тек білікті мамандар жүзеге асыруы керек.
- Орнатпас бұрын барлық бөлшектерді құрамдастар тізіміне сәйкес алғаныңызға көз жеткізіңіз. Егер бөлшектер жетіспесе немесе зақымдалған болса, сатушыға хабарласыңыз.
- Бұл құрылғының жиынтығында жұтылған кезде тұншығу қаупін тудыратын ұсақ бөлшектер бар. Мұндай бөлшектер балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы керек.
- Осы нұсқаулықта берілген визуалды нұсқауларды орындаңыз. Тек өніммен бірге келетін орнату компоненттерін пайдаланыңыз. Бұрандаларды шамадан тыс тартпаңыз. Орнатқаннан кейін бекіткіштердің сапасын тексеріңіз.
- Кронштейннің бекітілгенін және оны пайдалану қауіпсіз екенін үнемі тексеріп отыру керек (кем дегенде үш айда бір рет).
- Өнім мен оның құрамдас бөліктері балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: MV40-G01.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Максималды жүктеме: 15 кг.
- Минималды бекіту өлшемі (VESA стандарты): 75 × 75 мм.
- Максималды бекіту өлшемі (VESA стандарты): 100 × 100 мм.
- Экран диагоналы: 22–40”.
- Бұрылу: 360°.
- Айналу: 360°.
- Көлбеу: –30° / 85°.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Өнімді орнату ережелері мен шарттары осы нұсқаулықта «Құрастыру нұсқаулығы» бөлімінде сипатталған.
- Өнімді сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 10 °С-тан 25 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Өнімді тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Өнім мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Өнімді өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Егер өнімнің ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе өнімді тастаңыз.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Берілген өнімді дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз бақыланбайтын қалдықтардың нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиян келтірмеуге және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.


Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа құрылғыларға ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 84 ай. / Пайдалану мерзімі: 84 ай.













Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.kz/technical-support/>

Өлшемдері




Құрастыру нұсқаулығы

Фурнитура


1			2				
3			4				
A	B	5	6				
C	D		E				
F	G		H	I			
							
Бұру	Бұрап алу	Айқыш бұрағыш	Өлшеу рулеткасы	Реттеу	Қолмен жұмыс	Алтықырлы кілт	+ Қатайту - Босату

Бұрандама қысқышты құрастыру




Люверсті құрастыру

2.1




2.2


①




②




③




④




⑤




⑥




⑦



⑧




Қуат кәбілі мен дисплей кәбілін орнату




Дисплейді орнату


4.1




4.2




4.3




Бұрылысты реттеу



Үстелдегі кронштейннің орны



Көлбеуді реттеу



Қосымша ақпарат

Өндіруші: Аньхой Хунцзе Эргономик Тэхнолоджи Ко., Лтд.

№ 10, Гуанпин тас жолы, экономикалық даму аймағы, Гуандэ, Сюаньчэн қ., Аньхой пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорртаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Өнімнің сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.5

